

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»



Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің
Басқарма төрағасы - Ректор
Г.Д.Сүгірбаева
_____ 06 _____ 2023 ж.

6B01 Педагогикалық ғылымдар

6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімін даярлау

**6B01402 – «Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау» білім беру
бағдарламасы бойынша оқу түсу шығармашылық емтиханының ережесі**

Емтихан №1 «Мамандану бойынша нормативтер»

«Дене шынықтыру теориясы мен
әдістемесі» кафедрасының мәжілісінде
қарастырылған
Хаттама № 10 « 26 » 05 2023 ж.

Шымкент – 2023 ж.

1. НОРМАТИВТІК БАЗА

1. «Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру дайындығының президенттік тестілерін өткізу қағидалары» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1545 қаулысы;
2. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңы;
3. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы;
4. «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы №168 Жарлығы;
5. Жаңартылған мазмұн бойынша жалпы орта білім деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Дене шынықтыру» пәні бойынша типтік оқу жоспары (әлеуметтік-гуманитарлық бағыт, жаратылыстану-математикалық бағыт) Білім және ғылым министрінің бұйрығына 206-қосымша Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 шілдедегі №352

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Бірыңғай шығармашылық емтихандарды (бұдан әрі - БШЕ) өткізудің осы Ережелері жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес әзірленді.
2. БШЕ білім беру бағдарламасының дене шынықтыру мұғалімі пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орындарына түсетін талапкерлер үшін өткізіледі.
3. БШЕ-ге талапкерлердің өтініштерін қабылдау олардың таңдаған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында (бұдан әрі ЖЖОКБҰ) орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.
4. БШЕ жүргізу нысаны мен нәтижелерін бағалау осы Ережелерге сәйкес анықталады.
5. Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы Басқарма төрағасы - Ректор бұйрығымен бекітілетін емтихан комиссиялары құрылады.
6. Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізу орны, кеңестер) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғаннан кешіктірмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.
7. БШЕ жалпы орта білім базасында оқуға түсетін талапкерлер үшін 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.
8. Бірінші шығармашылық емтиханда белгіленген балл санынан төмен балл алған талапкерлер келесі емтиханға жіберілмейді.

9. Емтихан өткізу кезеңінде талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, шығармашылық емтихан тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

10. Апелляциялық комиссия шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Басқарма төрағасы - Ректор бұйрығымен бекітіледі.

11. Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған талапкер апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке береді. Өтініштер шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия оны бір тәулік ішінде қарайды.

12. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс жасайды. Талапкер апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

13. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және комиссияның барлық мүшелері кол койған хаттамамен рәсімделеді.

3. ЕМТИХАНДАРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

БШЕ екі шығармашылық емтиханнан тұрады, оларды қабылдау барлық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

- бірінші шығармашылық емтихан мамандану бойынша;

- екінші шығармашылық емтихан жалпы физикалық дайындық (бұдан әрі- ЖДД) бойынша;

Ескерту. Тандалған спорт түрі бойынша талапкердің техникалық-тактикалық дайындығын анықтайтын нормативтер:

- спорттың ойын түрлері бойынша екі жақты командалық ойынды арнайы кешенді жаттығуларды пайдалана отырып, ойын элементтерін жеке орындауға ауыстыру;

- жекпе-жек түрлері бойынша физикалық спарринг-контактыны жеке арнайы кешенді жаттығуларды орындауға ауыстырылсын (мысалы: көлеңкемен күрес, манекендермен жаттығулар, тәсілдерді имитациялау).

ЖДД бойынша емтихан ережелері мен нормативтер:

1. ЖДД бойынша емтихан, ол негізгі дене дайындығының даму деңгейін анықтайды және «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру дайындығының президенттік тестілерін» өткізу талаптарына сәйкес келесі нормативті камтиды:

- 100 м. жүгіру (ерлер / әйелдер);

- 2000 м. жүгіру, 3000 м, жүгіру (ерлер, әйелдер);

- 1 минут ішінде аркада жатып денені көтеру (әйелдер);

- Аспалы кермеде тартылу (ерлер);

1) 100м, 2000м, 3000м жүгіру стадионның жүгіру жолында немесе старт сызығы мен мәре сызығы белгіленген кез келген тегіс жерде жүргізіледі.

2) Аспалы кермеде тартылу. Сынақ аяғымен еденге (жерге) тигізбестен жоғарыдан ұстап тұрып, бастапқы қалыптан орындалады. Жаттығу аспалы

кермеден мойнын иекпен асып өтіп, бастапқы қалыпқа оралғанда орындалды деп саналады. Жаттығуды орындау кезінде қолды ұстауға тыйым салынады. Аспалы күйде 5 секундтан артық демалуға (тоқтауға) және тартылуды тербелістен бастауға рұқсат етілмейді.

3) Денені көтеру арқада жатып орындалады аяқтар тізелерде 90 градус бұрышта бүгілген, қолдар иықта, аяқтарды серіктес ұстайды.

Шығармашылық емтиханда талапкерлер тапсырған жалпы дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтер әрбір орындалған норматив бойынша бағаланады және орындалған нормативтер процесінде білім мен дағдылар баллы шығарылады.

2. ЖДД бойынша емтихан нормативтерінің негізін мына талаптар құрайды: БШЕ

тиісті спорт базасында және арнайы снарядтарда (спорт залы, стадион) өткізіледі;

- емтиханға қатысуға рұқсатты талапкер жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде емтихан комиссиясының мүшесі, емтихан өткізуге тартылған арнайы кезекшілер камтамасыз етеді;

- емтиханға жіберу үшін талапкерлердің спорттық киімі болуы тиіс;

- емтиханға дәлелді себептермен кешіккен немесе келмеген жағдайда талапкер жазбаша өтініш негізінде емтихан комиссиясы төрағасының рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта шығармашылық емтиханға жіберіледі және емтиханды өткізіп алудың дәлелді себебін растайтын құжатты ұсынады.

- ЖДД бойынша БШТ нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

3. ЖДД бойынша БШЕ-де 5 балдан төмен алған кезде талапкер автоматты түрде тандаған спорт түрі бойынша келесі емтиханға жіберілмейді;

4) Тандалған спорт түрі бойынша СШ, ЕССШ, ХДСШ спорттық атақтары бар талапкерлер мамандану бойынша емтихан тапсырмайды, автоматты түрде 45 балл алады.

Емтихан нәтижелері сол күні ЖЖОКБҰ сайтында орналастырылады.

6B01402 - Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1 - шығармашылық емтиханның білім деңгейін бағалау ережесі

Жеңіл атлетика

№	Сынақ түрі	Өлшем бірлігі	Ерлер				Қыздар			
			15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
1.	100 метр жүгіру	Сек.	13,05-14,0	14,01-15,05	15,06-17,00	17,01 және төмен	15,5-16,0	16,01-17,0	17,01-18,0	18,01 және төмен
№	Сынақ түрі	Өлшем бірлігі	Ерлер				Қыздар			
			15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
2.	3000 метр жүгіру	Мин, сек	11,40-12,40	12,41-13,30	13,31-14,40	14,41 және төмен				
№	Сынақ түрі	Өлшем бірлігі	Қыздар				Ерлер			
			15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
3.	2000 метр жүгіру	Мин, сек	9,00 - 9,50	9,51 - 10,40	10,41 - 11,50	11,51 және төмен				
№	Сынақ түрі	Өлшем бірлігі	Ерлер				Қыздар			
			15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
4.	Бір орыннан ұзындыққа секіру	Метр, см	2,30 -2,50	2,29-2,10	2,09-2,00	1,99 және төмен				
№	Сынақ түрі	Өлшем бірлігі	Ерлер				Қыздар			
			15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
5.	Бір орыннан ұзындыққа секіру	Метр, см	1.80-2.00	1.79-1.55	1.54-1.40	1.39 және төмен				

39-45 балл - «өте жақсы»

31-38 балл - «жақсы»

20-30 балл - «қанағаттандырушылық»

0-19 балл - «қанағаттандырушылық емес»

«Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі»
кафедрасының меңгерушісі:




А.М. Испандиярова

6B01402 - Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1 - шығармашылық емтиханның білім деңгейін бағалау ережесі

Бокс

Жаттығу	Балл			
	15-13	12-10	9-7	6-0
Емтихан қабылдаушының тапсырмасы бойынша боксер снарядында жаттығуларды орындау	Қозғалу арқылы түрлі қашықтықты снарядты ұру техникаларын орындау	Жаттығу кезінде кішігірім кателіктің орын алуы	Емтихан қабылдаушының көмегі арқылы тапсырманы орындау	Емтихан қабылдаушының көмегі арқылы тапсырманы орындамау

Жаттығу	Балл			
	15-13	12-10	9-7	6-0
Бокс техникасы (өз еркімен қозғалу арқылы түрлі дистанцияда шабуыл жасау және қарсы шабуыл жасау техникасын көрсету)	Түрлі ара-қашықтықты шабуыл жасаушы мен қарсы шабуыл жасау соққыларын қозғалысын жасау техникасын көрсету	Екі қашықтықта жақсы меңгерген техника мен қарсы шабуыл жасау техникасын көрсіету	Қорғану және қарсы шабуыл жасау соққыларының техникасын көрсету	Техниканы көрсете алмау

Жаттығу	Балл			
	15-13	12-10	9-7	6-0
Салмақ категория бойынша 1 минуттан 2 раунд бокстасу	Қозғалыс, қорғану, қарсы шабуыл жасау, шабуыл жасау, техникасын көрсету	Кішігірім кателіктерме орындау	Емтихан қабылдаушының көмегі арқылы тапсырманы орындау	Емтихан қабылдаушының көмегі арқылы тапсырманы орындамау

39-45 балл - «өте жақсы»

31-38 балл - «жақсы»

20-30 балл - «қанағаттандырарлық»

0-19 балл - «қанағаттандырарлық емес»

**«Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі»
кафедрасының меңгерушісі:**




А.М. Испандиярова

БВ01402 - Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1 - шығармашылық емтиханның білім деңгейін бағалау ережесі

Грек-рим күресі, еркін-күрес, қазақ-күрес, самбо, дзюдо

№	Жаттығулар	Балл	Орындау сапасы
1.	<p>а) басты тіреп аяқпен айналу</p> <p>б) бастан асырып төңкерілу (тек грек-рим және еркін күрес)</p> <p>Б.Қ. — «көпір», қол айқаса қосулы, жауырын кілемге тигізулі (әр жаққа 5-рет)</p>	17-9	<p>Басты кілемге қойып көпір жасап, секірмей барынша екі алшақ қадам арқылы айналып қозғалу</p> <p>Аударылу екі ачқтың итерілуі арқылы бір қалыпты орындалады</p> <p>Тірелу қалпынан көпір жасау және қайта қалпықа ауысу. Бастан иыққа ауысу 45⁰ бастапқы қалыптан өзгеру.</p> <p>Жүгіріс кішкентай қадам арқылы бір жаққа жасалады. Бастан иыққа ауысу. Басты бастапқы қалыптан 90⁰ ауыстыру, басты кілемге тигізу. Төңгеріл 2 немесе одан көп аяқпен итерілу арқылы орындалады</p>
2.	<p>а) Күрестің партерде жасалатын тәсілі: грек-рим, еркін, самбо, дзюдо</p> <p>б) Түрегеліп жасалатын барлық күрес түрлерінің тәсілдері</p>	14-5	<p>Төңкеру: бұрау, жүгіріс, ауысу, иілу, айналдыру.</p> <p>Тастау әдісі: айналдыру, иіліп өзінен асыра лақтыру (тек грек-рим және еркін күрес)</p> <p>Ұстау. Жанынан, жоғарыдан, көлденең, бас тұсынан, аяқ тұсынан (тек самбо үшін)</p> <p>Ауырту әдісі: (қолдың түйіншегі, шынтақ тұтқасы, тұтқа), тізені жазу (тек самбо, дзюдо үшін)</p> <p>Аудару, серпән, сүңгу, айналдыру, отыра (тек грек-рим және еркін күрес үшін)</p> <p>Тастау: Арқаннан иіліп, кеудеден иіліп, айналдырып, иықтан асыра (тек грек-рим және еркін күрес үшін)</p> <p>Тастау әдісі: шалу, кесу, қапсыра ұстау, ілу (тек грек-рим және еркін күрестастау әдісі)</p> <p>Жанынан аудару: тіземен иықтың асыра, арқадан асыра, көкіректен асыра, шалу, тік тұрғанда қылқындыру (тек дзюдо)</p>
3.	Бақылау белдесулері	14-5	Тағайындалған жарыс ережесі бойынша, шектелген уақыт бойынша өткізу (емтихан алушының тапсырмасы бойынша 1-2 белдесу)

39-45 балл - «өте жақсы»

31-38 балл - «жақсы»

20-30 балл - «қанағаттандырарлық»

0-19 балл - «қанағаттандырарлық емес»

«Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі»
кафедрасының меңгерушісі:




А.М. Испандиярова

6B01402 - Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1 - шығармашылық емтиханның білім деңгейін бағалау ережесі

Баскетбол

Жаттығулар	Бағалау баллы							
	Ерлер				Қыздар			
	15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
1. Жылдамдық техникасы. Айып добын лақтыру сызығымен орталық шеңберге дейін допты алып жүріп 3 адамнан айналып өтіп себетке салу	12,9-12,5	13,4-13,0	13,8-13,5	14,0 және төмен	13,8-13,5	14,3-13,9	14,9-14,3	15,0 және төмен

Жаттығулар	Бағалау баллы							
	Ерлер				Қыздар			
	15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
2. Айып аланынан лақтыру (10 лақтыру)	10-8	8-6	6-3	3-0	10-7	7-5	5-2	2-0

Жаттығулар	Бағалау баллы							
	Ерлер				Қыздар			
	15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
3. 3-ұпайлық балл (10 лақтыру)	10-7	7-5	5-2	2-0	10-6	6-3	3-2	2-0

39-45 балл - «өте жақсы»

31-38 балл - «жақсы»

20-30 балл - «қанағаттандырарлық»

0-19 балл - «қанағаттандырарлық емес»

«Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі»
кафедрасының меңгерушісі:




А.М.Испандиярова

6B01402 - Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1 - шығармашылық емтиханның білім деңгейін бағалау ережесі

Волейбол

Жаттығулар	Бағалау баллы							
	Ерлер				Қыздар			
	15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
1. Допты жоғарыдан асыра беру Шеңбер диаметрі 3 м (саны)	20-16	15-13	12-10	9-6	20-16	15-13	12-10	9-6

Жаттығулар	Бағалау баллы							
	Ерлер				Қыздар			
	15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
2. Допты беру (жоғары және түзу) Аумақ бойынша 1, 5, 6 (10 подача)	10-8	8-6	6-3	3-0	10-7	7-5	5-2	2-0

Жаттығулар	Бағалау баллы							
	Ерлер				Қыздар			
	15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
3. Шабуыл жасау 2, 4 аумаққа және 1, 5, 6 аумақпен (10 амал жасау)	10-8	8-6	6-4	4-0	10-7	7-5	5-2	2-0


39-45 балл - «өте жақсы»

31-38 балл - «жақсы»

20-30 балл - «қанағаттандырарлық»

0-19 балл - «қанағаттандырарлық емес»

«Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі»
кафедрасының меңгерушісі:

А.М. Испандиярова

6B01402 - Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1 - шығармашылық емтиханның білім деңгейін бағалау ережесі

Футбол

Жаттығулар	Бағалау баллы							
	Ерлер				Қыздар			
	15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
1. Аралас нормасы 50м. тік сызық бойында 4 таяқша орнатылады, әр таяқшаның арасы 7м. айып алаңының сыртынан қақпаға соққы орындалады (2 әрекет)	8,9 -8,5	9,4 -9,0	9,9 -9,5	10,0 және төмен	10,4 -10,0	10,9 -10,5	11,4 -11,0	11,5 және төмен

Жаттығулар	Бағалау баллы							
	Ерлер				Қыздар			
	15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
2. Жылжымайтын допты қақпаға соғу 16,5м жерден қақпаға доп соғылады, қақпа 3-ке бөлінеді (соққылар саны 10)	10-8	8-6	6-3	3-0	10-7	7-5	5-2	2-0

Жаттығулар	Бағалау баллы							
	Ерлер				Қыздар			
	15-13	12-10	9-7	6-0	15-13	12-10	9-7	6-0
3. Доп (саны) айлалы	35-30	29-25	24-20	19-16	30-25	24-20	19-16	15-11

39-45 балл - «өте жақсы»

31-38 балл - «жақсы»

20-30 балл - «қанағаттандырарлық»

0-19 балл - «қанағаттандырарлық емес»

**«Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі»
кафедрасының меңгерушісі:**




А.М. Испандиярова